Қазақстан Республикасы
Оңтүстік Қазақстан облысы
"КазЖобаСаулет-Консалтинг"
Жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

ОҚО, Шымкент қ., Бейтерекова №79., «КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС,
БИН 100840014079, ИИК Kz218560000004957770 БИК KCJBKZKX КБЕ-17. АҚ «БанкЦентрКредит».

Республика Казахстан
Южно-Казахстанская область
Товарищество с ограниченной
ответственностью
"КазЖобаСаулет-Консалтинг"

ТОО «КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЮКО, г. Шымкент, ул. Бейтерекова №79,
БИН 100840014079, ИИК Kz218560000004957770 БИК KCJBKZKX КБЕ-17. АҚ «БанкЦентрКредит».

ТОО «КазЖобаСаулет-Консалтинг»
БИН 100840014079
Исх.№ 09-2018
«13» 02 2018 г.

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті

Ш А Ғ Ы М

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының сәйкес әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға құқылы.
2017 жылы 21 желтоқсанында "Алматы қаласы Құрылыс басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан № 2145738-1 «Алматы қаласы Алмалы ауданы, Гоголь көш.,139а мекен жайда орналасқан, №15 жалпы білім мектеп ғимаратын күрделі жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарымен сейсмикалық күшейтуге ЖСҚ әзірлеу» *(бұдан әрі - Нысан)* жұмысына ашық конкурсы жарияланып, 2018 жылғы 26 желтоқсанында № 1858711 «Алдын ала рұқсат беру хаттамасы» негізінде «КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-нің өтінімінде келесі кемшіліктер анықталған: *Отсутствует трудовые ресурсы с квалификационным аттестатом согласно технической спецификации; Ведущий инженер-проектировщик по несущим и ограждающим конструкциями (строительное проектирование)-1 человек.*

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27 бабының 4 тармағына сәйкес конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Өз кезегінде, «КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-гі Заңмен берілген құқығын пайдаланып, «Алдын ала рұқсат беру хаттамасында» көрсетілген кемшіліктерді толығымен жойып конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестендірген.

Осыған қарамастан, Ұйымдастырушы, 2017 жылғы 12 ақпандағы № 2145738-ОК1 «Қорытындылар туралы хаттамасы» негізінде «КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-нің өтінімі келесі себептердің негізінде конкурстық құжаттама талаптары мен біліктілік талаптарына сәйкес емес деп танып кері қайтарған: *Не соответствует квалификационный аттестат Сармантаев Рауан Балхыбекулы ИИН: 911019301331, согласно реестра аттестованных инженерно-технических работников специалисты зарегистрированы как «ведущий инженер проектировщик по несущим и ограждающим конструкциям», согласно технической спецификации затребован специалист «Ведущий инженер-проектировщик по несущим и ограждающим конструкциям (строительное проектирование)».;*

<u>Алайда, Ұйымдастырушының бұл шешімімен толығымен келіспейміз!!!</u>

Өйткені:

«КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-нің қызметкері Сармантаев Рауан Балхыбекұлы 2017 жылдың 06 ақпанында "ДМ Самрад" ЖШС-нен тестілеуден өтіп, *«Ведущий инженер-проектировщик по несущим и ограждающим конструкциям (строительное проектирование)»* білікті инженерлік-техникалық жұмыскерлер мәртебесін алып шыққан. "ДМ Самрад" ЖШС-нің 2017 жылғы 06 сәуірінде «КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-нің басшысына жазған №21/04-17 хаты дәлел ретінде тіркеледі. Инженерлік-техникалық аттестаттау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің **<u>26 қараша 2015 жылғы №734</u>** бұйрығында көрсетілгендей жасалынған. ***Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің*** реестріне де жоғарыда көрсетілген ҚР Ұлттық экономика министрлігінің **<u>26 қараша 2015 жылғы №734 бұйрығы</u>** негізінде тіркелген. Ұйымдастырушы жазып отырған келіспеушілік жоғарыдағы бұйрыққа сай келмейді.

Осылайша, «КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-нің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған, Ұйымдастырушы «КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-не қатысты негізсіз шешім қабылдаған, Ұйымдастырушы тарапынан мемлекеттік сатып алу заңнамаларының талаптары бұзылған.

Жоғарыда аталғандар негізінде, тиісті шаралар қабылдауды, «КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-нің бұзылған құқықтарын қайта қалпына келтіруді, 2018 жылғы 12 ақпанындағы №2145738-ОК1 «Қорытындылар туралы хаттамасын» қайта қарауды сұраймын.

«КазЖобаСаулет-Консалтинг» ЖШС-нің
Директоры **Б.Зулеев**